



8 ОЙ-САРАП
Болбыр ұрпақ өсіп келеді...



11 НЫСАНА
Қолқаны қапқан жағымсыз иіс



12 ҰЛТТЫҚ КИИМ
Ең әдемі киім – ұлтымның киімі

*Сауап пен Жауап

СҰРАУЫ ЖОҚ СУ



(Толығырақ 13-бетте)

*Инвестиция

Жобалар неге жүзеге аспады?

БЫЛТЫР НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА 22,7 ТРАН. ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЙЫЛДЫ. БИЫЛ ОСЫ МЕЖЕНІ АРТТЫРЫП, ШЕТЕЛДЕН КЕЛЕТІН ИНВЕСТИЦИЯНЫ 22,5 МАРД. ДОЛЛАРҒА ЖЕТКІЗУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ БОЙЫНША ӨТКІЗГЕН КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА АЙТЫЛДЫ.



Олжас Бектенов Президенттің осы бағытқа қатысты алға қойған міндеттерін атап айтты. Бұдан бөлек жиында инвесторлардың құқықтарын қорғау және жобаларды сүйемелдеу тетігін нығайту шаралары да қаралды.

Бүгінде прокурорлар мемлекеттік органдардың 27 мың шешімін зерделеп, мыңнан астам негізсіз бастамаларын тоқтатқан. Инвесторлардың қатысуымен болған сот даулары 30 пайызға қысқарған. Сондай-ақ 2 мыңға жуық инвестордың мәселесі нақты шешілген.

Үкімет басшысы мақұлданған жобаларды жүзеге асыруға кедергі келтіргені үшін «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы мен әкімдіктер қызметін сынға алып, ескерту жасады. Қазір ұсынылған 25 жобаның үшеуі ғана іске асып жатыр. Олжас Бектенов жауаптыларға үш күн ішінде қалған инвестициялық жобалар бойынша қажетті шешім қабылдауды тапсырды.

*Қоныстой

Көптен күткен қуаныш

ОСЫҒАН ДЕЙІН АПАТТЫ ҮЙДЕ ТҰРҒАН, ӨТЕ ҚИЫН ЖАҒДАЙДА ӨМІР СҮРГЕН ИНДЕР АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ БӨДЕНЕ ЖӘНЕ ЖАРСУАТ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ БҮГІНДЕ ЕРЕКШЕ ҚУАНЫШТЫ. ЖУЫРДА ОЛАРҒА ЖАҢА БАСПАНАЛАРДЫҢ КІЛТЕРІ САЛТАНАТТЫ ЖАҒДАЙДА ТАБЫС ЕТІЛДІ.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында азаматтарды сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық жүйені кешенді жаңғырту Үкімет жұмысының басты бағыттарының бірі екенін атап өткен болатын. Осыған орай облыс әкімінің қолдауымен ауданымызда тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған ауқымды шаралар жүзеге асырылуда. 2022 жылдан бері Индер ауданында апатты деп танылған үйлерден тұрғындарды көшіру жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізіліп келеді. Бұл жолы жаңа баспаналар

апатты деп танылған үш жатақхананың тұрғындарына беріліп отыр, – деді қос ауылда өткен рәсімге қатысқан Индер ауданының әкімі Серік Нсанбаев.

Жаңа пәтерлер Бөдене ауылындағы Қ.Әбдіров көшесі мен Жарсуат ауылындағы Қ.Мурзин көшесінде орналасқан. Екі және үш бөлмелі баспаналар барлық қажетті инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтылған.

Жаңа үйге қоныстанған тұрғындардың бірі Үміт Лұқпанова көрсетілген қолдауға ризашылығын білдірді.

– Апатты үйден жайлы әрі кең пәтерге көшірген облыс және аудан басшылығына ауыл тұрғындары атынан алғыс айтамыз. Қуанышымызда шек жоқ. Пәтер жарық, кең, өте ұнады, – деді ол.

Бұған дейін Индер ауданында апатты деп танылған 112 пәтердің тұрғындары жаңа баспанамен қамтылған.

Бек АЙДАРӘЛИ



*Әлеумет

Бағаны КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

СОҢҒЫ УАҚЫТТА ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ЖИІ КӨТЕРІЛІП ЖҰР. ӘСІРЕСЕ БІР ӨНІМНІҢ ӨРТҮРЛІ САУДА ОРЫНДАРЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ АЙЫРМАШЫЛЫҚПЕН САТЫЛУЫ, ШАҒЫН ДҮКЕНДЕРДЕГІ БАҚЫЛАУДЫҢ ӘЛСІЗДІГІ, СОҢДАЙ-АҚ ДЕЛДАЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ ДЕ ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ НАЗАРЫН ЕРІКСІЗ АУДАРЫП ОТЫР. БҰЛ МӘСЕЛЕ ҚАРАПАЙЫМ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН САЛА МАМАҢДАРЫНЫҢ ДА ТАЛҚЫЛАУ НЫСАНЫНА АЙНАЛДЫ.

(Толығырақ 15-бетте)



*Инновация

Ақылды жастар арамызда жүр

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА АТЫРАУ HUB БАЗАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН А-PRO ACADEMY БАҒДАРЛАМАЛАУ МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ АТА-АНАЛАР МЕН ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАНЫ ЖАСАП ШЫҚТЫ. ЖОБА ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТЫ АЗАЙТЫП, ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Жаңа платформа Kundelik.kz жүйесіне ұқсас, алайда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының талаптарына бейімделген. Мұнда тәрбиешілер оқу жоспарын бір айға немесе бір жылға алдын ала құрып, ал ата-аналар баласының даму барысын онлайн режимде бақылай алады.

Академияның негізін қалаушы Нұрлыбек Аталықовтың айтуынша, платформа А-Pro Group экожүйесі аясында іске асырылған. Жобаны А-Pro Studio бағытында білім алып жүрген мектеп оқушылары ойлап тапқан екен. Өнертапқыш команда Атырауда өткен Hackathon байқауында бірінші орын алып, Астана қаласындағы республикалық кезенге қатысқан. Қазір жоба одан әрі жетілдіріліп жатыр. Алдағы уақытта платформаға балаларды тіркеу кезінде дауыстан тану технологиясын енгізу жоспарлануда. Бұл жүйе сабақ барысында оқушылардың белсенділігін автоматты түрде анықтап, бағалау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өз тілшіміз